

«Балауса» мектеп жанындағы лагерь бағдарламасы

«Қауіпсіз Жаз - 2024» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қарағанды қаласы №4 жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазғы демалысы мектеп жанындағы лагерьде өтеді.

«Балауса» мектеп жанындағы лагерьде 1-4 сынып оқушылары 30 оқушы демалады. Мектеп жанындағы лагерьде санитарлық-гигиеналық шараларды сақтай отырып, мәдени-демалыс объектілеріне шығу жоспарланған. Денсаулықты нығайту мақсатында күнделікті жаттығулар мен спорттық шаралар ұйымдастырылады.

«Балауса» мектеп жанындағы лагерьдің салтанатты ашылуы 2024 жылдың 3 маусымы, ал жабылу салтанаты 28 маусымға жоспарланған.

Лагерьдің негізгі құрамы — ол мектеп оқушылары. Лагерьге балаларды жинақтағанда аз қамтылған отбасы, толық емес, көп балалы отбасындағы балаларға баса көңіл бөлінеді. Сол сияқты мүгедек балаларға, зейнеткер ата-аналары бар балаларға, қиын жағдайға душар болған балаларға көп көңіл бөлінеді. Тәрбиеленушілердің жұмысы лагерь ауысымында жас шамасына қарай 30 баладан жинақталған топтармен іске асырылады.

Лагерь ауысымының жұмыс ұзақтығы 10 күннен 2 ауысым:

1 – ауысым: 03.06.2024 – 14.06.2024

2 – ауысым: 17.06.2024 – 28.06.2024

Бағдарлама төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды ескере отырып даярланған:

- Бала құқығын қорғау БҰҰ Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы»;

Лагерь үнемі жаз мезгілінде жұмыс жасайды. Лагерь балалардың денсаулығын жақсартуға, сауықтыру мәселесі, ой-өрісін дамытып, ойлау қабілеттерін арттыруға, гигиеналық және дене мәдениетін сақтауға; медициналық сақтандыру, спорттық, білім беру, мәдени-демалу қызмет көрсету, күш-қуатын жақсартып, шығармашылықпен жұмыс атқару, азаматтық тәрбие, адамгершілікке, отаншылдыққа баулу, экологияны сақтауға балаларды тәрбиелеу бағдарламасын іске асыруға қолайлы жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған.